

## Жеңіс досым 40 жасқа толуына

Жеңіс күні келіпсің сен дүниеге  
Туған күнің мейрам екен бар елге!  
Мықты болғын құрыштай шынықтырған  
Қаптап шапқан дұшпандар, фашистерге.

Мен баламын, Жеңісті де жас деп ем,  
Қырық жас та келіп қапты-ау, деп күлем.  
Осыменен өтті ғой жастық кезі  
Жігіттерге ағалыққа көштің, білем.

Кеудесі кең, Жеңісіміз мықты ғой,  
Жекпе-жекте талайларды жықты ғой.  
Қыпшақтарды батыр деген сөздерім  
Кітапты емес, Жеңісті көріп шықты ғой!

Өрге тартып, Жеңісім, әлде түссең еңіске  
Әр қашанда ие болғын жеңіске,  
Жұмысыңның нәтижесі оң болсын,  
Үй-ішіңнің қойны толсын жеміске!

Шыққан жерің Дешті-Қыпшақ даласы,  
Тойлап жатыр Алматының қаласы,  
Бүгін келді достарың қуанышы тасыған  
Азамат, Ермек, Алғатбек – бір топ қазақ баласы!

09.05.1996.